

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, оның ведомстволары және аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшілері арасындағы «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу үшін ішкі конкурс**

**Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**С-О-5 санаты үшін:** Жоғары білім:

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

**С-Р-3 санаты үшін:** жоғары білім:

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2

санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының

мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде орталық, облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

**С-Р-4 санаты үшін:** Жоғары білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

#### **Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы:**

| Категория | Еңбек сіңірген жылдарына байланысты |        |
|-----------|-------------------------------------|--------|
|           | min                                 | max    |
| С-О-5     | 83282                               | 112430 |
| С-Р-3     | 96607                               | 129920 |
| С-Р-4     | 73288                               | 99105  |

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 150000, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 56, анықтама үшін телефондар: 8 (7152) 50-00-51, факс 46-45-07, 46-21-98 электронды мекен-жайы: esenaeva\_s@taxsko.mgd.kz, s.esenaeva@kgd.gov.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға ІШКІ КОНКРС жариялайды:

**1.Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Ақпараттық технологиялар басқармасының бас маманы (2020ж. 07.08. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне), санаты С-0-5, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Салық есептілігінің электрондық формасын қабылдауды жүргізу. ҚР ҚМ салық есептілігі нысандарын (СЕЭФ, ҚҚС, ЖКАЖ және т.б.) қабылдау, беру және өңдеу бойынша ақпараттық жүйелерін сүйемелдеу және орнату, бағдарламалық құралды пайдалану және есептегіштік техникаларды жұмыс қабілеттілігімен қамтамасыз ету. Салық төлеушілерге электрондық почтамен салық есептілігін төлеудің кілтін тапсыру және тіркеу.

АИС "АСУ-САЛЫҚ" пайдаланатындарды тіркеу, анықтамалықты актуальды жағдайда қолдау. Жаңа және қолданыстағы бағдарламалық құралдарды және жүйелі компоненттерді жанарту және пайдалануға енгізу. Ақпарат пен техникалардың толықтығы мен құпиялылығын қамтамасыз ету. СҚО бойынша МКД мен аудандар бойынша МКБ қызметкерлеріне ақпараттандыру мәселелері жөнінде кеңес беру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар.** Жоғары білім: «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) немесе «білім» (математика немесе информатика) немесе «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «жаратылыстану ғылымдары» (математика) бейіндері бойынша

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамалары, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**2.Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша салық басқармасы заңды тұлғалармен жұмыс бөлімінің бас маманы, санаты С- R-4, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Бекітілген салық төлеушілер бойынша арнайы іс жүргізуді, онда тіркеу деректерін, жарғылық құжаттарды, есептік саясат, басқа органдардың ақпаратын, тексеру актілері және өзге де ақпараттарды жинаумен іске асыру, әкімшілік әрекет ету шараларын қабылдау үшін материалдар дайындайы.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «білім» (математика немесе информатика, құқық және экономика негіздері) немесе «техникалық ғылымдар мен технологиялар» (ақпараттық жүйелер, есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша)) немесе «білім» (бастауыш білім беру (математика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі, информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі немесе «байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар. Электрондық техника» (ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша), ақпарат және есептеу техникасы (қолдану саласы бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**3.Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша салық басқармасы жеке кәсіпкерлермен, адвокаттармен, нотариустермен жұмыс жөніндегі және арнаулы салық режимдер бөлімінің басшысы, санаты С-R-3, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Арнаулы салық режимдері бойынша деректерді жинау, жинақтау және талдау бойынша, шағын бизнес субъектілерінің мониторингі бойынша бөлім жұмысын ұйымдастыру және бақылау, заңды тұлғалардың патенттер есебінің дұрыстығын бақылау, салықтарды жинау ды жүзеге асыру бойынша уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, салық төлеушілер туралы 2-Н есебін қалыптастырады.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; осы

санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**4. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша салық басқармасы құқықтық жұмыстар және салықтық заңнамаларды түсіндіру бөлімінің басшысы, санаты С-R-3, 1 бірлік;**

**Функционалдық міндеттері:** Бөлім жұмысын ұйымдастыру. Сотта және басқа да органдарда құқық мәселелерін қарау барысында салық басқармасының мүдделерін ұсыну, шаруашылық шарттарды дайындауға қатысу, тәжірибелік талдау, салық органының қызметіне қатысты заңнамалық қызметі туралы ақпараттық материалдарды оларды оқытуды ұйымдастыру, салық есептілігін жасауға, іске асырылатын заңнамаларға үгіт-насихат жүргізу. Салық тексерісін жүргізу тәжірибесінде жасалған ұсыныстар және оларды келесі талдағанға дейін салық төлеушілердің арызын талдау, шаруашылық субъектілеріне және арыздары мен өтініштерін қарау бойынша басқарма жұмыстарын ұйымдастыру. Заңды және жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын іске асыру және ұйымдастыру. Бөлім қызметкерлерінің кәсіптік деңгейінің біліктілігін көтеру бойынша шараларды ұйымдастыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**5. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша салық басқармасы Құқықтық жұмыстар және салықтық заңнамаларды түсіндіру бөлімінің бас маманы, санаты С-R-4, 1 бірлік**

**Функционалдық міндеттері:** Сотта және басқа да органдарда құқық мәселелерін қарау барысында салық басқармасының мүдделерін ұсыну, шаруашылық шарттарды дайындауға қатысу, тәжірибелік талдау, салық органының қызметіне қатысты заңнамалық қызметі туралы ақпараттық материалдарды оларды оқытуды ұйымдастыру, салық есептілігін жасауға, іске асырылатын заңнамаларға үгіт-насихат жүргізу. Заңды және жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын іске асыру және ұйымдастыру. Салық төлеушілердің арызына талдау, шаруашылық субъектілеріне және арыздары мен өтініштерін қарау, жұмысты жетілдіру мақсатында қоғам пікірін оқу, салық жағдайлары бойынша шолу дайындау.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша білімі барларға рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі; осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған кейін келесі жұмыс күннен бастап 3 жұмыс күн.**

Аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері сканерленген құжаттарын [esenaeva\\_s@taxsko.mgd.kz](mailto:esenaeva_s@taxsko.mgd.kz), [s.esenaeva@kgd.gov.kz](mailto:s.esenaeva@kgd.gov.kz) электрондық мекенжайы бойынша ұсына алады.

Іріктеуге қатысу үшін:

а) қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш (2- қосымша);

б) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Конкурс комиссиясының қарауына азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына ([esenaeva\\_s@taxsko.mgd.kz](mailto:esenaeva_s@taxsko.mgd.kz), [s.esenaeva@kgd.gov.kz](mailto:s.esenaeva@kgd.gov.kz)) электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электронды Үкімет порталы жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы ***әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.***

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының олардын қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде, 150000, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 56 мекен жайы бойынша, (анықтама үшін телефондар: 8(7152) 50-00-51, 46-45-07, 46-21-98) кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеді.

**Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.**

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік органның басшысының (жауапты хатшысының) келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

Б» корпусының мемлекеттік  
әкімшілік лауазымына  
орналасуға конкурс өткізу  
қағидаларына 2-қосымша

(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу  
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Мемлекеттік әкімшілік  
лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын  
қалыптастыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен  
келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Мекен жайы және байланыс телефоны \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (болған жағдайда))

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.